

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Шал ақын ауданының білім
бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Кәкімбек
Салықоватындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Мектеп кітапханасының жылдық есебі
2023-2024 оқу жылы**

К.Салықов атындағы орта мектебінің кітапханасының бірінші күні оқушылардың кітаппен қамтамасыз етілуін тексердім. «Тілдер»мерекесіне «Тіл-халықтың мұрасы»атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кесте бойынша 20 минуттық оқу сағаты өткізілді. «Алтын күз», «Қарттар күні», «Ұстаздар күні» мерекелеріне байланысты іс-шаралар өтті Кітапханада әртүрлі психологиялық тренингтер болды. 1-10 сыныптар арасында «Зиянды заттардан аулақ бол», «Темекі, арақ-денсаулығыңа зиян» атты сынып сағаттары өтті. Экстремизм, терроризм туралы әңгімелер өткізілді. Құжатпен жұмыс.

Тіл-ұлтымның тірегі,Тандатпай тағдыр жолдаған.тіл-ұлтымның жүрегі,Лүпілін Аллаһ қолдағандеп ақын Кәкімбек Салықов айтқандай, біздің мектебімізде де «Тілдер мерекесіне» орай әр түрлі іс-шаралар өтуде.Осы мерекеге мектеп кітапханасында да «Тіл-халықтың мұрасы» кітап көрмесі ұйымдастырылды.Оған 5 А сынып оқушыларын шақырып,кітап көрмесімен таныстырдым.Оқушылардың бойына адамгершілік,ана тілін ардақтау,өз тілін мейлінше сүйсіңдету сияқты жақсы қасиеттерді сіңіретін кітаптар,өз оқырмандарын табадыдеген ойдамын.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid02sj1RRKJKFZGSp3uuNmKu8KX516gZwFhuFot7RJTG2Fv8K51R9g7h6BDWPig838z3l/?mibextid=cr9u03>

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздік –ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтанда біз үшін Тәуелсіздік күші-ең қадірлі күш. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Кітапхана меңгерушісі Қ.А.Кельдегулова оқырмандарды көрмемен таныстырды.

Көрмеге 4 сынып оқушылары қатысты. оқырмандар саны- 15

Көрменің мақсаты: Жас ұрпаққа Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту. Халқымызды әлемге танытып, Алаш баласының абыройын асқақтатқан тәуелсіздігімізді дәріптедік. Көрмеге кітаптарымен , суреттері қойылды.

<https://www.facebook.com/share/jMjnrY3aL3KBxzhb/?mibextid=THRI3R>

Ұлы ғалым, философ Әбунасыр әл Фараби былай деген екен, «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адам заттың қас жауы ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі деген екен. «Бұдан шығатын түйін: бала тәрбиесіне ең әуелі оның ата-анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл-ой, сана сезімі, адамгершілігі, әсер етпек.» Отбасы күніне орай әр түрлі іс-шаралар өтуде. Осы мерекеге мектеп кітапханасында да «Бәрі отбасынан басталады» кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оған 3 А сынып оқушыларын шақырып, кітап көрмесімен таныстырдым. «Халық! Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілесін» деп тегін айтпаған. Жас шыбық иілгіш болса, жас адамда сондай жақсығада жаманға да бейім болатын баршамызға аян.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid0Rvwb2NHN9UxCHHXSiYWfDpyKFUi3X6q7BnCTy42fW5Ni7cTZa7PvhdSnLn43kdEI/?mibextid=cr9u03>

Кітап пен оқуды насихаттау мектеп кітапханасының негізгі бағыты болып табылады. «Оқуға құштар» толық көлемде жүзеге асырылуда. Мектепте сабақтар арасында 20 минуттық кітап оқу енгізілді.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid0ySb7N3JEgBkWMuDcsGArx84Md6C9nmAfSgn8yL86xHQa5ovzjpCaKBwq3mgXtyPTI/?mibextid=cr9u03>

Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп кітапханасында жазушы Оралхан Бөкеевтің 80 жылдығына орай «Оралхан Бөкей – көркем сөздің құлагері» шығармашылығына арналған кітап көрмесі өтті. Кітап көрмесіне 7 Ә сынып оқушылары қатысты.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid02Vx7xP6uctPodn61KLWWn1NyHs92QeqWVrjj3eFebLWLkP4Wn4P7tS4DNGUda9Kh5I/?mibextid=cr9u03>

Мектеп кітапханасында 25 қазан Республика күніне орай «Қазақстан-туған жерім» кітап көрмесі өтті. Кітап көрмесіне 3 Ә сынып оқушылары қатысты.

Көрменің мақсаты: Қазақстанның егемендік алғаннан кейінгі қалыптасу тарихымен таныстыру, болашақта Қазақстанның дамуына өзіндік үлес қосатын тұлғалар екендігін ұғындыру, елін сүйуге, құрметтеуге, отанын қастерлеуге тәрбиелеу.

Оқырмандарға Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, ішкі және халықаралық аренадағы экономикалық және саяси жетістіктері

туралы әдебиеттерге шолу жасалып, кітаптың мазмұндары қысқаша таныстырылды.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid02f2rBUoWTXXX89oPsPpUwvgZWeZR7wY41Lh2Xhpwb7hgyTkgGNpsVw5CGqBc182rl/?mibextid=cr9u03>

«Оқуға құштар мектеп –Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектеп кітапханасы «Менің үйімдегі кітаптар» атты күзгі демалыс кезенде балалар, сүйікті кітаптарын оқумен айналысады. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Одан ақыл –кеңес , тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid0XVFbtAhW6VWyFmEQ79pRKqCYFuQUB3Fkbv4GFrdQcKuVFRaZS56CSS3JNXK2FCCbl/?mibextid=cr9u03>

Бүгін-ұлттық валюта күні. Төл теңгемізге 30 жыл толды. 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз – теңге айналымға енгізілген еді. Осы күнге орай , «Кәкімбек Салықов атындағы орта мектеп» кітапханасында 3 Ә сыныбымен «Теңге –Қазақстандағы үміт пен өмірдің символы» атты көрме өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/uGjfbjMx72h7L5kg/?mibextid=THRI3R>

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздіктің күші -бірлікте» атты тақырыптық бейнероликті оқушыларға таныстырып өттік.

Мақсаты : Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын суюге, еліне , халықына қызмет етуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/nUQwNJhPjsQMwm8m/?mibextid=THRI3R>

«Оқуға құштар мектеп –Оқуға құштар ұлт» жобасы аясында мектеп кітапханашысы «Менің сүйікті ертегі кітабым » атты қысқы деиалыс кезінде балалар , сүйікті ертегілерін оқыды. Балалардың ертегілер туралы түсініктерін бекіте отырып, тіл байлығын дамыту, қамқор болуға тәрбиелейды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0XeZtVGTzozFSHzuWvG5mjw43sgfHu6jNh1QduGEBu4Sd154ou8hbMxgQQnh1WP8Vl&id=100014658811193&mibextid=xOYQyo

«Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру аясында «Кітап оқитын адам-табысты адам» тақырыбында оқырмандармен кездесу және оқылған әдебиеттерді талқыланды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid022ocxv5VXRtuYvc9Sx5sypxmHLJaQ59PpVCwZHcq7pL1XFokGmEYDEwRnP45xC7l&id=100014658811193&mibextid=xOYQyo

« Кітап дегеніміз-қоғам . Жақсы кітап, жақсы қоғам тәрізді сезім мен сананды нұрландырады,көркейтеді. Иә, адамның қандай екенін оқыған кітаптары арқылы да айтып беруге болады, өйткені,сенің оқыған кітабың –сенің өмірлік ойың» «Буккроссинг» қазақшаға аударғанда «Кітап сыйлау» немесе кітаптың айналыста жүруі деген мағынаны білдіреді. Осыған орай 11 Ә сынып оқушыларымен кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында Буккроссинг акциясы өткізілді.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid02vSZYq6sJjCvXRANV3or9rjzG6HwFp1bkMDD1D92p589dtAPj3cYYNH4qdWg11Fesl/?d=w&mibextid=qC1gEa>

Афганистаннаң кеңес әскерлерің шығарғаныннаң 35-жылдығына арналған кітап көрмесі өтті. 5 сынып оқушылары қатысты . Афганистанның территориясын соңғы кеңес әскері қалдырды. Соғыс аяқталды таулар арқылы содан өтті аз емес миллион әскер және офицерлер. Соғысты тұрарлықтай, ешкім және ешқашан күмәнденбеді олардың ерлігіне және батырлығына

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid022iT2mPT48LmjmAxUA8nX6yzhs9oeTggck3LyGcDEaKvo3wsueiEWKRMMRJcHWEZl/?d=w&mibextid=l6gGtw>

« Оқуға күштар мектеп » челленджі өткізілді.
Мақсаты :Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын ереін жеткізуге,тіл байлығын арттыруға ықпал ету.

<https://www.facebook.com/100014658811193/posts/pfbid0UTban7e8SZGmM67KQWkk8qD7F24CWhYXwALXsGKvuqCamWEcZ1NgdEoUtpQZPMLEI/?d=w&mibextid=qC1gEa>

Ғарышкер күніне орай «Ғарыш бұрылыстары » атты кітап көрмесі өтті.

Қатысқан 3 сынып оқушылары.

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі, Байқоңыр ғарыш айлағы, ғарышкерлер күні туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерды

Т.Әубәкіровтің, Т.Мұсабаевтің ерлігі жайлы айта отырып, балалардың ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/CKQRxoQpK6H5CGPA/?mibextid=WC7FNe>

«Чернобыль-жылдар өткен соң!» «Чернобыль :кеше бүгін,ертең!» атты кітап көрме ұйымдастырылды. Көрмеге 5-ші мен 3 сыныптыр қатысты.

Мақсаты:Чернобыль апатының тарихы, апат салдарын жоюға аттанғадардың ерлігін өскелең ұрпаққа насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/p/X8E11otd1Gfk8w7F/?mibextid=WC7FNe>

«Мамыр ынтымақ айы» айлығы өткізу аясында 17 мамырда біздің мектепте «Каникулда кітап оқу» буккроссинг іс-шарасы өтті. Оған 1-11 сынып оқушылары өздері оқыған кітаптар мен әдеби шығармалардың мазмұнын айтып бөлісті. Сонымен қатар, балалар бір-бірімен оқыған әдеби кітаптарды сыйға тартты.

https://www.facebook.com/share/v/89q_gYu6vVdCPmNr3/?mibextid=WC7FNe

Оқушылардың оқулықтарын жинап, түгендеу науқаны жүріп жатыр Оқу жылымыз жақсы, ойдағыдай өтті деп ойлаймын. Алдағы уақытта да берекелі, мерекелі жыл болсын!